


9.2005

10 73 кс



Жеті ғасыр жырлайды

Баспасынан көмек жүргізу үшін
Казақ тарихынан салынған мәдениеттегі

Жеті ғасыр жырлайды



*XIV ғасырдан XX ғасырдың
бас кезіне дейінгі қазақ
ақын-жырауларының шыгармалары*

Екінші том



Жазушы баспасы

ББК 84 қаз 7

Ж 56

Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің
бағдарламасы бойынша шыгарылып отыр



Ж 56 Жеті ғасыр жырлайды: екі томдық.
Алматы: Жазушы, 2004. 2-том.— 528 бет.

Құрастырған
Есенбай Дүйсенбайұлы

Суретші
Табылды Мұқатов

ISBN 9965-701-63-6 (2-т.)

ISBN 9965-701-61-X

«Жеті ғасыр жырлайды» деп аталатын бұл кос томдықтың екінші кітабына қазақ жазба әдебиетінін негізін қалауда орасан зор енбек еткен ағартушы, демократ Үбырай Алтынсариннен бастап, XX ғасырдың алғашкы ширегінде өмір сүріп, сонына соны сүрлеу қалдырған дарынды қалам иесі Бернияз Құлеевке дейінгі қырыктан астам жазба әдебиет өкілдері мен акын-жыраулардың тандаулы шығармалары енгізілді. Олардың арасында жазба әдебиетіміздің қалыптасуына ерекше ықпал еткен кітаби шайырлар да, үкілі домбырасына үн коскан сал-серілер мен әнші-акындар да бар.

Бұған дейін жарық көрген сан алуан басылымдарды, әсіресе «Бес ғасыр жырлайды» (1989 ж., құрастырғандар М. Байділдаев, М. Мағауин) атты антологияның екінші томын негізге алып және мүқият салыстыра отырып сараланған бұл кітаптағы бірқатар шығармаларға мәтіндік толықтырулар мен тиісті өзгертулер енгізілді. Абай, Шәкәрім секілді ұлы ақындарымыздың өлендері түгелдей өзге шығармаларымен ауыстырылған болса, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, М. Жұмабайұлы, Ф. Қараш, т.б. бірқатар ақындардың шығармалары жанадан косылып отыр.

Ж 4702250106-080
402(05)-04

құлактандырылмаған — 2004

ББК 84 қаз 7

РТ

ISBN 9965-701-63-6 (2-т.)
ISBN 9965-701-61-X

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ КИТАПХАНАСЫ

№ 00014706

© «Жазушы» баспасы, 2004
© Безендірген Т. Мұқатов, 2004

- Ыбырай Алтынсарин**
(1841–1889)
- Бақтыбай Жолбарысұлы**
(1835–1916)
- Серәлі Еруәліұлы**
(1835–1876)
- Жаяу Мұса Байжанұлы**
(1838–1929)
- Құлышақ Кемелұлы**
(1840–1911)
- Құлтума Сармұратұлы**
(1840–1915)
- Марабай Құлжабайұлы**
(1841–1898)
- Қашаған Құржіманұлы**
(1841–1929)
- Базар жырау**
(1842–1911)
- Ақан сері**
(1843–1913)
- Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы**
(1845–1904)
- Шәңгерей ақын**
(1847–1920)
- Мұсабек Байзакұлы**
(1849–1932)
- Ақтан Керейұлы**
(1850–1912)

- Шәді Жәңгірұлы**
(1855–1933)
- Әріп Тәнірбергенов**
(1856–1924)
- Шәкәрім Құдайбердіұлы**
(1858–1931)
- Мәшһүр Жұсіп Көпейұлы**
(1858–1931)
- Нұржан Наушабаев**
(1859–1919)
- Ақылбай Абайұлы Құнанбаев**
(1861–1904)
- Сары Батақұлы**
(1863–1895)
- Көкбай Жанатайұлы**
(1863–1927)
- Құлан Алдабергенұлы**
(1863–1934)
- Иманжұсіп Құтпанов**
(1863–1931)
- Балуан Шолақ**
(1864–1919)
- Ергөбек Құттыбайұлы**
(1865–1917)
- Әсет Найманбаев**
(1867–1923)
- Мақыш Қалтайұлы**
(1869–1916)

Магауия Абайұлы Құнанбаев

(1870–1904)

Кете Жүсіп

(1871–1927)

Мұхаметжан Серәлин

(1872–1929)

Ахмет Байтұрсынұлы

(1873–1937)

Ғұмар Қараш

(1875–1921)

Мәнсүр Бекежанов

(1875–1933)

Омар Шораяқұлы

(1878–1924)

Сара Тастанбекқызы

(1878–1916)

Мәди Бәпиұлы

(1880–1921)

Тұрмашамбет Ізтілеуұлы

(1882–1939)

Міржақып Дулатұлы

(1885–1935)

Әкімәлі Қаржауұлы

(1885–1932)

Әкірам Фалымов

(1892–1913)

Мағжан Жұмабайұлы

(1893–1938)

Сұлтанмахмұт Торайғыров

(1893–1920)

Бернияз Күлеев

(1897–1923)





ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН

(1841–1889)

Кел, балалар, оқылық!

Бір Құдайға сыйынып,
Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көнілге
Іқыласпен тоқылық.

Істің болар қайыры
Бастасаңыз Аллалап.
Оқымаған жүреді
Қаранғыны қармалап.

Бір Құдайға сыйынып,
Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көнілге
Іқыласпен тоқылық.

Оқысаның, балалар,
Шамнан шырақ жағылар,
Тілегенің алдыннан
Іздемей-ақ табылар.

Бір Құдайға сыйынып,
Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көнілге
Іқыласпен тоқылық.

Мал дәuletтің байлығы
Бір жұтасан, жоқ болар.
Оқымыстың байлығы
Күннен-күнгө көп болар,
Еш жұтамақ жоқ болар.

Бір Құдайға сыйынып,
Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көнілге
Ықыласпен тоқылық.

Сиса көйлек үстінде
Токуменен табылған...
Сауысқанның тамағы
Шоқуменен табылған...
Өнер-білім бәрі де
Окуменен табылған.

Бір Құдайға сыйынып,
Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көнілге
Ықыласпен тоқылық.

Надандықтың белгісі –
Еш ақылға жарымас.
Жайылып жүрген айуандай
Ақ, қараны танымас.

Аяңышыл ат арымас,
Білім деген қарымас...
Жөн білмеген наданға
Қыдыр ата дарымас.

Бір Құдайға сыйынып,
Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көнілге
Ықыласпен тоқылық.

Оқу деген шыны-ды,
Тұрған сайын шынықкан...
Оқу білген адамдар
Май тамызған қылыштан...
Білмегенді білуғе
Есті бала тырысқан,
Есер бала ұрысқан.

Бір Құдайға сыйынып,
Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көнілге
Ықыласпен тоқылық.

Әлпештеген ата-ана
Қартаятын күн болар.
Қартайғанда жабығып,
Мал таятын күн болар.

Ата-енең картайса,
Тіреу болар бұл оқу.
Қартайғанда мал тайса,
Сүйеу болар бұл оқу.

Бір Құдайға сыйынып,
Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көнілге
Ықыласпен тоқылық...

Шырағым адам болғай деп,
Ата-енең жылайды.
Баладан қайыр болмаса,
Баланы неге сұрайды?!

Бір Құдайға сыйынып,
Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көнілге
Ықыласпен тоқылық.



Өнер-білім бар жүрттар
Тастан сарай салғызды.
Айшылық алыс жерлерден,
Көзінді ашып-жұмғанша,
Жылдам хабар алғызды.
Аты жоқ құр арбаны
Мың шақырым жерлерге
Күн жарымда барғызды.

Адамды құстай үшырды,
Мал істейтін жұмысты
От пен суға түсірді,

Отынсыз тамақ пісірді,
Сусыздан сусын ішірді.

Тенізде жүзді балықтай,
Дүниені кезді жалықпай.
Білгендерге осылар
Бәрі дағы анықтай,
Білмегенге танықтай.
Біз де бекер жатпалық
Осыларға таныспай.
Ат өнері білінбес
Бәйгеге түсіп жарыспай.
Желкілден шықкан көк шөптей
Жаңа өспірім достарым,
Қатарың кетті-ау алысқа-ай,
Ұмытылының қалыспай.

Біз надан боп өсірдік
Иектегі сақалды.
«Өнер – жігіт көркі» деп
Ескермедік мақалды...
Біз болмасақ, сіз барсыз,
Үміт еткен достарым,
Сіздерге бердім батамды.



Жаз

Сәуірде көтерілер рахмет туы,
Көрінер көк жүзінде қаз бен қуы.
Көктен жаңбыр, таулардан сулар жүріп,
Жайылар жер жүзіне қардың суы...
Ұшпактың бір сәулесі жерге түсіп,
Өсірер жерден шөпті нұрдың буы.

Жақындар Құдайымның көктен күні,
Тен болар жарлықпенен күн мен түні.
Аспаннан рақымменен күн төнгенде,
Қуанып қыбырлайды ыныс-жыны.
Ұйқыдан көзін ашқан жас балаша,
Жайқалып шыға келер жердің гүлі.

Шапақтан бұлты шығар мұнарланып,
Жаңбырлы құндер түсер тұманданып.
Адамзат нәр ауасын судай жұтар,
Шөл тартқан айуандарша құмарланып.
Жетпеген ұлкендікке жас балалар
Жүгірер ойдан-қырға жұмарланып...

Сөуірде алуан-алуан жауар нәсер,
Нәсердің қуатымен жер шөбі есер.
Көк орай дүние жүзі шалғын болып...
Жан, айуан, адамзат баурын төсер.
Жан-жәндік ракат тауып тұру үшін
Ұшпақтан хош иісті желдер есер.

Сөуірдің әрбір күні дертке дәрмен,
Құдайым дәрмен бол деп етер пәрмен.
Бір малы шаруаның екеу болып,
Қыстаудан ел шығады алуан-алуан.
Құлісіп, құшактасып әзіл етер,
Әйелдер көш жөнелтіп кейін қалған...

Жүгірер киік, құлан тау мен қырда,
Қуанып, ықыласпен келген жылға.
Алыстан мұнарланған сағымдары
Шақырып тұрап құліп кел деп мұнда.
Көл бұзылып, көк шығып қойнын ашса,
Қаңқылдаپ қонар оған қаз бен тырна...

Адамзат сайран етер көнілі жай,
Секіріп ойын салар құлын мен тай.
Қой маңырап, сиыр мөніреп шат болады,
Тасиды құркіресіп өзен мен сай.
Аяғын алшак басып түйе шығар,
Жаратқан мұнша таңсық Жаббар Құдай.

Кеш болса құн конады таудан асып,
Шапақтан қызыл алтын нұрын шашып.
Аһ ұрып шүкірлікпен құшактасар,
Ракатпен кеш уақытында неше асық...
Боз үйден таң алдында күйеу шықса,
Артынан қарап жары жүзін басып.

Құдайға шүкір етер жас пен көрі,
Бердің деп жанға ракат мұндей дәрі.

Жан, айуан, адамзат, құрт-құмырсқа
Разылық бір Құдайға асар зары.
Қырда орман, жер жүзінде бәйшешектер
Шуылдан шүкір етер мұның бәрі.



Өзен

Таулардан өзен ағар сарқыраған,
Айнадай сәуле беріп жарқыраған.
Жел соқса, ыстық соқса бір қалыпта,
Аралап тау мен тасты арқыраған.

Көнілің суын ішсөң ашылады,
Дененде бар дертінді қашырады.
Өксіген оттай жанып жануарлар
Өзеннен ракат тауып басылады.
Қынарда¹ тілсіз тұрган тоғайлар да
Шуылдан желмен бірге бас үрады...

Он мың мал айдал өтсөң лай қалмайды,
Тасыса су бармаған сай қалмайды.
Тасыған өзен судың қуатымен
Көк шығып, шөп бітпеген жай қалмайды.

Ел қыстап, күн көреді жаныбында,
Дәм болар алуан-алуан балығында...
Тас таста, алтын таста сынамаққа,
Сонда да акқан өзен қалыбында.

Құдіретін Құдайымның көресің бе?
Не нәжіс тоқтар өзен денесінде...
Арыстан демалуға суға кірсе,
Балықтар шымшып ойнар тәбесінде...



¹ Қынарда – жагасында.

Балғожа бидің баласына жазған хаты

Үміт еткен көзімнің нұры, балам,
Жанына жәрдем берсін Құдай тағалам.
Атаң мұнда анаңмен есен-аман,
Сүйіп сәлем жазады бүгін саған.

Атанды сағындым деп асығарсын,
Сабакқа көніл берсөң, басыларсын.
Ата-анаң, өнер білсөң, асырарсын,
Надан боп білмей қалсан, аһ ұрарсын.

Шырағым, мұнда жүрсөң, нетер едің?
Қолыңа құрық алып кетер едің.
Теңтіреп екі ауылдың арасында
Жүргенмен, не мұратқа жетер едің?!



Өсиет өлеңдер

Жаратты неше алуан жұрт бір Құдайым,
Тең етті бәрімізге күн мен айын.
Адамның адам біткен баласымыз,
Қайсың бөлек тудың деп айырайын.

Бәріміз бір адамның баласымыз,
Жігіттер, бір-біріне қарасыныз,
Өмір деген бес құндік кетер өтіп,
Атаң барған орынға баrasыныз.

Пайғамбар бұрынғы уақытта Дәуіт өткен,
Патша боп бұл дүниеге данқы кеткен.
Отыз ұлым бар ғой деп көптік ойлап,
Құдайым отзызын да өлек еткен...

Жылаған Дәуіт патша тоба қылып,
Өзінің пенде екенін сонда біліп,
Мұнан соң тақ Сүлеймен туды дейді;
Отыз ұлға бір өзін жора қылып.

Ескендір¹ патша болып дүниені алған,
Қалмаған бұл жалғанда ешбір арман.

¹ Ескендір – Александр Македонский.

Жалғыз-ақ өлмеске айла табамын деп,
Ізденіп мәңгі сүын соған барған.

Мәңгіден су ішкенге өлім болмас,
Ескендір мұны сұрап білгені рас.
Су өпкел деп жіберді уәзірлерін,
Уәзірі қасындағы Қыдыр Ілияс.

Екеуі барды суға, судан ішті,
Бір кесе патша үшін және алысты.
Енді қайтып, жүрелік деп тұрғанда,
Бір адамға сол жерде көзі түсті.

Сұрасты: «Мұнда отырған неткен жансыз,
Қарасақ келбетіне мұсылмансыз?»
Сонда ол кісі өз жайын баян етті:
— Мен дағы бір патша едім еш күмәнсіз.

Өлмеске мен де осындай талап еттім,
Бір күні осы суға келіп жеттім.
Әрбір іс уақытында қызық екен,
Ақыры өз басыма азап еттім.

Бір заман әлек болды, барша елім,
Қалмады қыдырмagan ешбір жерім.
Кемдіктің неше түрлі бәрін көріп,
Аh енді өлім болса маған дедім.

Дүниені неше айналып, неше кездім,
Өз жаным мен денемнен өзім бездім.
Маған өлім бермеді Құдай тағала,
Енді тастап дүниені мұнда келдім.

Ah деді, Қыдыр Ілияс қайтып келді,
Сонда да кеседегі сүын берді.
Ішейін деп Ескендір ұмтылғанда,
Су Ескендір аузына бармады енді.

Тағында так Сұлеймен нағылмады,
Өмірін сонындағы шағыннады.
Наушеруан¹ діні көпір әділ өтті,
Дозаққа соның үшін жағылмады.

¹ Наушеруан – ескі замандағы Иран патшасы.

Бұзбаныз өділдікті бұл мал үшін,
Жиясыз оны дағы бір жан үшін.
Өзәзіл періштенің бастығы екен,
Не болды тәқаппарлық қылғаны үшін?

Аюпты сегіз жылдай мың құрт жеді,
Болыпты бөлек-бөлек соның тәні...
Мал-жаннан, ру, туған бәрі безіп,
Далада жалғыз жатып «Алла» деді.

Малды алды, баланы алды, сабыр етті,
Дүшпандар мысқыл атып жәбір етті.
Разымын не берсен де Құдайым деп,
Бәрін де қабак шытпай қабыл етті.

Корлама кем адамды, болсан дана,
Кәріпті Құдай сүйсе не еді шара?
Ер болған сиыр бағып Зенгібаба,
Пір болды түйешіден Ойсылқара.

Ұмытпа бай болым деп бір Құдайды,
Жер жүтқан қайырсыздан Қарынбайды.
Мекенін білемісіз қайда қалды,
Жомарттық қылған үшін Атымтайды?

Иманды ер Құдайынан ұялады.
Ұялып иесінен сый алады...
Ренжітпе пенде болсан бейшараны,
Кәріп көнілі бір сынғақ пияла-ды...



Араз бол, кедей болсан, ұрлықпенен,
Кете бар кессе басың шындықпенен.
Корек тап бейнеттен де, Тәнірің жәрдем,
Телмірме бір адамға мұндықпенен.

Адамға бір өзіндей көзің сұзбе,
Бір өділ қазнасы кең патшанды ізде.
Корексіз еш пендесін қалдырмайды,
Жаратқан бір Тәнірінен күдер үзбе.

Мақтанба бакыттымын деп бағынызға,
Қартаймақ қыын сауда тағынызда.

Іске аспай бақ-дәuletтің қалуы онай,
Басынан бағын тайған шағыңызда.

Мақтанба сұлумын деп ажарына,
Ажарсыз адамдарды ал назарыңа.
Зылиха, Жүсіппенен сұлу өткен,
Тұрмаған ажар ара ажалына.

Жүйріктे болмайды көрік сыналмаған...
Бақ тайса, ерге дәulet құралмаған...
Мензеген аскар тауға есіл көніл,
Дүниеде еш нәрседен тына алмаған.

Арық мал жан жолатпас бір жалданса,
Пенде ойлар кемімен деп бір малданса.
Қадамы өзіз ердің ұзамайды,
Жігітке бақыт шіркін сырт айналса.

Ағайын жат болады алыс болса,
Болады жат та жақын, таныс болса.
Достарың, дүшпан түтіл, табалайды,
Аяғың бір нәрседен шалыс болса.

Асылы залымдардың лайланды,
Дүниені, маган десен, шыр айналды.
Ит үрер жақсыға да, жаманға да,
Қылмағы бірақ залал Құдайдан-ды.



Әй, достарым

Әй, достарым, жігіттерім,
Болмасқа болушы болма!
Қолыннан келсе қыл қайыр,
Кісіден алушы болма.
Жақсының жүзі жәндепті¹,
Бір көруің ғанибет-ті.
Жаманның ісі міндет-ті.
Зар берсе² алушы болма!

¹ Жәндепті – ажарлы деген
магынада айтылған.

² Зар берсе – жалынса да
деген магынада.

Жоғары қарап оқ атпа,
Өзіңнің түсер қасына.
Ақылсыз жанды досым деп,
Басыңды қосып сыр айтпа.
Күндердің күні болғанда,
Ол жаман айғақ болар басына.
Бар күшінді сынаспай,
Балуандарменен күреспе.
Таң боларсың әлемге,
Сөз боларсың көлемге.
Ақылсыз достан ақылды дүшпан артық.
Дүшпаныңнан бір сақтан,
Сырты майда, іші қан.
Ел ішінде жар-жора,
Достарыңнан бір сақтанғанда, мың сақтан.



Әй, жігіттер

Әй, жігіттер, үлгі алманың
Азған елдің ішінен.
Алыс-алыс қашыңыздар
Зияндасты кісіден.
Жақсыны көзден салмаңыздар,
Жақсыдан қапыл қалмаңыздар.
Өзі болған ерлердің
Аяғынан алманыздар.
Әр елге, әр жүртқа алтын сака табылмас.
Бас ауырса бақсыларды
Алып келіп бақтыра尔斯ың.
Жазықсыз жануарды сойып,
Өкпеменен қактыра尔斯ың.
Жын-бәлекет қашады деп,
Тұмар алып тақтыра尔斯ың.
Білмес надан еткен істен
Ешбір қайыр табылмас.
Алған жарың жаман болса,
Бір Тәнірғе көп налырысың.
Жарым сондай болса екен деп,
Көрінгенге көз саларсың.
Әзелде мандайыңа нені жазса соны аларсың.
Бәрінізге қасы қара, қызыл жүзді табылмас.

Қатының өлсे қарс ұрып қаларсын,
Аны-мұны қармалап,
Және біреуді аларсын.
Бір кеткен соң қамқор әке-шешен табылmas.



Азған елдің хандары,
Тақ үстінде отырғандары,
Жарлыдан алып байларға
Сыйлар берсе керек-ті.

Азған елдің қожасы
Қыдырып келер есікке.
Бұл үйде кім бар еken деп,
Көзін салар тесікке.
Балаларын бастырып,
Қатындарын састырып,
Төрге қарай ұмтылып,
Тамақ үшін қылғынып,
Дуа қылса керек-ті.

Азған елдің молдасы,
Үлкен болар сәлдесі.
Аса бауыр қылмаңыз,
Оның рас емес «олласы».
Көрмей-білмей біреуге
Куәлік берсе керек-ті.

Азған елдің биінің
Барап болсан алдына,
Алым берсен тамағына,
Қарар ма ол сенің өліңе?
Қорадағы малына
Төре берсе керек-ті.

Азған елдің байлары
Ұлық тұтар басын-ай.
Қайда дәулетті адам болса,
Берер соған асын-ай.
Көзін сүзіп бір кәріп,
Төгіп келсе жасын-ай,
Бермек түгіл, бейшараны
Масқара қылса керек-ті.

Береке кеткен елдерде
Күн қысқарса керек-ті.
Алатаудай атаға,
Ұл қышқырса керек-ті.

Бала, бала, бала деп,
Тұнде шошып оянған,
Тұн үйқысын төрт бөліп,
Тұнде бесік таянған,
Аялы қолда талпынтықан,
Қаймақты сүттей қалқытқан,
Суық болса жөргектеп,
Қорғасын оқтай балқытқан,

Айналасына ас қойып,
Айдынды көлдей шалқытқан,
Қолын қатты тигізбей,
Кірлі көйлек кигізбей,
Иісін жұпар анқытқан,
Сондай сорлы анаға
Қыз қышқырса керек-ті.

Азған елдің адамына
Айтсаң тілінді алмағай,
Кетсе шарлап жия алмағай,
Бір Тәнірден ұялмағай:
«Бүгін тоба қылайын,
Ертең тоба қылайын,
Қашан тоба қылғанымша,
Үзіп-жұлып алайын», – деп,
Өлшеп берген өмірін
Зая қылса керек-ті...





БАҚТЫБАЙ ЖОЛБАРЫСҰЛЫ

(1835–1916)

Бақтыбайдың Тезек төреге айтқаны

Иа, Алла, тіл-жағыма бергей медет,
Қолдай гөр, Ескелді би, өзің демеп.
Ақ сүйек ханзаданың баласы едін,
Кембағал үй артына келді көдек.

Үш жүзге Абылайлап шыққан атын,
Ешкімге білінбекен жаман затын.
Кембағал алдыңызға келді көдек,
Алла жар, білесіз ғой жетім хақын.

Шешенде, тіл шеберде мін бола ма?
Нашардан шығатұғын үн бола ма?
Ақ сүйек хан иемнің тұқымы едін,
Бір аттар босағаннан күн бола ма?

Ассалау мағалейкүм, қашаған хан!
«Сегіз жүз сексен екі» жасаған хан.
Рахымың көдегіне түсер болса,
Аттайтын күн болар ма босағаннан?

Сонда Тезек ашуланып: «Бұл кім өзі шанқай түсте үйімнің артынан келіп, акырып тұрған? Мені алbastы басып жатыр дей ме? Кім де болса бар, басын кесіп ал!»— деп, екі жендетін жібереді. Сонда Бақтыбай:

— Төрені жамандағаным жок, мақтадым, жазықсыз басымды неге алады? Басымды төре алмайды, Құдай алады,— дейді.

Ол екеуі: «Мынау тегін кісі емес екен, төренің алдына апарайық»,— деп Бақтыбайды қолынан жетектеп, үйге алып келеді. Сонда Тезек: «Құдаймен сөйлесіп отырған сен бе, өй, басын ал мынанын»,— дейді. Сонда Қожбанбет би: «Алла жар, арызыңды айтшы»,— дейді. Бақтыбай: «Алла жар, Бақтыбайдың жасы құрдас болмағанмен, сөзі құрдас шығар, аз ғана сөйлет, кем болса басымды аларсыз, тең болса, сөзіңізді қайтып аларсыз, алдыңызға келген пақырыңыздың демін шығармай, бас салып басын алуыңыз лайықты бола ма екен?»,— дейді. Сонда Тезек: «Сөйле, сөзіңің түрін көрейін»,— дейді.

Бақтыбайдың төреге бірінші бастап айтқан өлеңі:

О, алдияр, алдияр!
Ақ сұнқар құстың алдында
Қаңғырған қарға жарбияр.
Жалайырдағы заман жок,
Ақынмын деп далдияр,
Төр алдында шалжияр!

Сөйле дедін, хан Тезек!
Сөйледім, міне, тіл безеп.
Қаңғимын деп қу тілім,
Ку жанға келді бір кезек.
Бүйрық қатты, жан тәтті,
Қоркайын дедім түрінен.
Жоқ еді ғой ешкімнің
Ештемесі бүлінген.
Өлетін болдым тілімнен.
Өлетін халге келгенде
Бола ма тілім бүгілген.
Бер жағынан айтпаймын,
Айтайын, төрем, түбінен.

Ақ сүйек, бектің тұқымы ен,
Сүйегіңің міні жок.
Абылайдың затының
Естімін, тегі, кемі жоқ.
Жалғыз патша болмаса,
Онан басқа теңі жоқ,
Мен сияқты пақырға
Келмestен қысым еттің ғой,
Осы жеріннің жөні жоқ.